**Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 27 мамырдағы № 434 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 1 маусымда № 34438 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 734 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының 6-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қаржымен қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*ішкі істер министрі* — *Е. Саденов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2024 жылғы 27 мамырдағы
№ 434 бұйрығына
1-қосымша

**Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының және әскери-тергеу органдарының, азаматтық

қорғаныстың әскери қызметшілерін, ішкі істер, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлерін, сондай-ақ арнаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарды және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру жұмысын ұйымдастыруды нақтылайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемі – резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға осы Кодекске сәйкес төленетін ақша төлемі;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және төлеу, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін қайта есептеу және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу Әлеуметтік кодексіне, "Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 733 қаулысына, "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 734 қаулысына (бұдан әрі – Қағидалар), сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де

нормативтік құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттермен жасаған зейнетақымен (әлеуметтік) қамсыздандыру туралы келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Әскери қызметшілерді және ішкі істер органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерін (бұдан әрі – әскери қызметшілер, қызметкерлер), сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі істер органдары, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің қатарындағы арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарды және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға зейнетақымен қамсыздандыру бойынша жұмысты ішкі істер органдары жүйесіндегі Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ІІМ), Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі – ҚАЖК), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың полиция департаменттерінің (бұдан әрі – ПД), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің (бұдан әрі – ҚАЖД) қаржы қызметтері ішкі істер органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің кадрлық, медициналық қызметтерімен өзара іс-қимыл жасаса отырып жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Ішкі істер органдары жүйесінде зейнетақымен қамсыздандыру жұмысына:

1) зейнеткерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін және олардың отбасы мүшелеріне жәрдемақы мен өтемақы тағайындау және қайта есептеу;

2) зейнеткерлер мен зейнетақы істерінің дербес есебін жүргізу;

3) заңнамаға сәйкес зейнеткерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы мәртебесін растайтын құжаттар беру;

4) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі мен Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес зейнетақымен

қамсыздандыру мәселелері бойынша зейнеткерлерді қабылдау, ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды қарау;

5) Мемлекеттік корпорацияның филиалдарымен өзара іс-қимыл жасау кіреді.

## 2-тарау. Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды қаржы қызметтері жүзеге асырады:

1) ІІМ - ІІМ орталық аппаратында және оның ведомстволарында, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығында, әскери-тергеу басқармаларында, ІІМ Автокөліктік қызмет көрсету мекемесінде, ІІМ Әскери және арнайы жабдықтау базасында, ІІМ-нің Емханасы бар орталық госпиталінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің орталық аппаратында және оның бөлімдерінде (бұдан әрі – ТЖМ) қызмет өткерген әскери қызметшілерге, қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі істер, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің қатарындағы арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға;

2) ҚАЖК – қызметкерлерге және 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қатарындағы адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде он екі жыл және алты ай үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы

қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі еңбек сіңірген жылдары бар, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, ҚАЖК-да қызмет өткерген адамдарға;

3) ПД - аумақтық ішкі істер органдарында, жетінші бөліністерде және ІІМ-нің қарамағындағы мемлекеттік мекемелерде, Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылықтарында және әскери бөлімдерінде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің аумақтық органдарында, ТЖМ-нің қарамағындағы аумақтық органдарда, мемлекеттік мекемелерде және әскери бөлімдерде қызмет өткерген әскери қызметшілерге және қызметкерлерге, сондай-ақ ішкі істер органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің қатарындағы арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға;

4) ҚАЖД - қызметкерлерге және арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қатарындағы адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде он екі жыл және алты ай үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі еңбек сіңірген жылдары бар, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, ҚАЖК-да аумақтылығы бойынша қарамағындағы аумақтық органдарда және мемлекеттік мекемелерде қызмет өткерген адамдарға.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға арналған құжаттарды кадр қызметі қызметтен босатылған әскери қызметшінің, қызметкердің, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі істер органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің қатарындағы арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамның және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу

изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың соңғы қызмет орны бойынша ресімдейді.

Кадр қызметі мынадай жұмыстарды атқарады:

1) жеке істің, еңбек сіңірген жылдарын растайтын әскери билеттің, сондай-ақ еңбек өтілін растайтын құжаттардың (еңбек кітапшасы, мерзімі және оны тоқтату негіздемесі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты, еңбек шартын жасасу және тоқтатудың негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқталуын растайтын жұмыс берушінің актілерінен үзінді көшірмелер, қызметкерлерге еңбекақы беру ведомосынан үзінді көшірмелер, жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен ( болған жағдайда) бекітілген қызметтік тізім (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі), аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер, әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер не қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтері бар мұрағаттық анықтама) негізінде қызмет өткеру туралы деректерді тексереді, заңнамаға сәйкес күнтізбелік және жеңілдікпен есептеуге жататын қызмет кезеңдері мен еңбек өтілін нақтылайды және растайды;

2) осы Нұсқаулыққа қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарының есебін жасайды, оны еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүзеге асыратын қаржы қызметімен келіседі және зейнетақы ресімдеп жатқан адамға қол қойғызып, оған жариялайды.

Зейнеткерлікке шыққан әскери қызметшінің, қызметкердің, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі істер органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің қатарындағы арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдардың және ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың жеке деректері (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған жылы мен күні) еңбек сіңірген жылдарының есебінде оның жеке басын куәландыратын құжат бойынша толтырылады.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары есебінің соңғы парағы есепті жасаған кадр қызметі қызметкерінің, еңбек сіңірген

жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүзеге асырып, есепті тексерген қаржы қызметі маманының, кадр және қаржы қызметтері басшыларының қолдарымен және кадр қызметінің мөрімен расталады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Әскери қызметшілер, қызметкерлер, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі істер органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің қатарындағы арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдар және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдар соңғы қызмет орны бойынша кадр қызметіне мынадай құжаттарды және олардың көшірмелерін қоса бере отырып, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынады:

1) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдардағы банк шотының нөмірі не қылмыстық-атқару жүйесі мемемесі қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәлімет;

2) 3,5х4,5 см өлшеміндегі фотосурет (2 дана);

3) 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін міндетті зейнетақы жарналары бюджет қаражатының есебінен аударылған адамдар үшін - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 472 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілердің ( мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызын қайтару қағидаларымен белгіленген нысан бойынша әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы

1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда оларға 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызын жеке зейнетақы шотынан есептен шығару туралы анықтама-растау;

4) мүгедектігі бар адамдар үшін – жасына байланысты зейнетақы төлемдері/жәрдемақылар алушы куәлігі болған жағдайда мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте он жылдан астам еңбек өтілі бар әскери қызметшілер, қызметкерлер, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі істер органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің қатарындағы арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдар және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, соңғы қызмет орны бойынша кадр қызметіне 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмелер ұсынады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі істер органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің қатарындағы арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдар соңғы қызмет орны бойынша кадр қызметіне құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызмет бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде

әлеуметтік қамсыздандыруды, барлық жеңілдіктер мен басымдылықтарды сақтай отырып, арнаулы атақтарға және сыныптық шендерге ие болу, сондай-ақ нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарды тіркеу туралы анықтама ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда соңғы қызмет орны бойынша кадр қызметіне Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, оларды тіркеу туралы анықтаманы ұсынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Кадр қызметі осы Нұсқаулықтың 8, 9, 10 және 11-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған немесе толық емес не дұрыс емес мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынған жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті қабылдамайды.

13. Кадр қызметі осы Нұсқаулықтың 8, 9, 10 және 11-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қабылдап, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін тағайындау үшін оларды еңбек сіңірген жылдарының есебімен, қызметтен босату туралы бұйрықтан үзінді көшірмемен, ақшалай аттестатпен және әскери-дәрігерлік комиссияның (денсаулық жағдайы бойынша қызметтен босатылған жағдайда) қорытындысымен келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті қаржы қызметіне жолдайды.

14. Тиісті қаржы қызметі құжаттар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) осы Нұсқаулыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін зейнетақы тағайындау туралы қорытындыны ресімдейді, оны еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүзеге асыратын қаржы қызметінің басшысы бекітеді;

2) осы Нұсқалыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы ісін ресімдейді, оған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы қорытынды және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға негіз болған материалдар қоса тігіледі;

3) осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы ісін зейнеткерлерді және зейнетақы істерін есепке алу кітапшасында тіркейді;

4) осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының зейнеткер куәлігін ресімдейді, ол еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылады;

5) осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнеткер куәліктерді есепке алу кітапшасына Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушының зейнеткер куәлігін тіркейді және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушыға қол қойғыза отырып , береді.

15. ІІМ, ҚАЖК қаржы қызметтері еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде зейнетақы ісін одан әрі зейнетақыны есептеп, төлемдерді жүзеге асыру үшін зейнеткердің тұрғылықты жері бойынша ПД-ге, ҚАЖД-ға жолдайды.

16. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындағаннан кейін Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-ВС нысаны бойынша зейнетақы ісінен үзінді көшірме толтырылады және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарламамен қоса отырып, бір данада Мемлекеттік корпорацияның филиалына жолданады. Үзінді көшірмелері зейнетақы ісіне қоса тігіледі.

17. Тиісті кадр қызметтерінен тиісті қаржы қызметтеріне толық емес, дұрыс емес немесе қайшы келетін мәліметтерді қамтитын құжаттар келіп түскен жағдайда, сондай-ақ еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тартылған жағдайда тиісті қаржы қызметтері он жұмыс күні ішінде тиісті кадр қызметтеріне бас тарту себебін көрсете отырып, құжаттарды қайтарады.

Тиісті кадр қызметтері өтініш иесін үш жұмыс күні ішінде хабарландырады.

18. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы әскери (арнаулы) атақ беріле отырып, мемлекеттік қызметке қабылданған кезде ішкі істер органдарының кадр қызметі тиісті қаржы қызметіне қызметке тағайындалған күннен бастап еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тоқтату үшін оны қызметке қабылдау туралы бұйрықтан үзінді көшірме ұсынады.

19. Зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған, Қазақстанның басқа өңіріне немесе одан тыс жерлерге кеткен, не тиісті қаржы қызметтерінің сұрау салуы бойынша зейнетақы төлемдері тоқтатылған жағдайларда Мемлекеттік корпорацияның филиалдары тиісті қаржы қызметтеріне айлар бойынша өткен жылы жүргізілген төлемдер туралы анықтама ұсынады.

20. Олардың мөлшеріне әсер ететін жағдайлардың өзгеруіне байланысты зейнетақы төлемдерінің артуы, қайта есептелуі, сондай-ақ тоқтатылған зейнетақы істері бойынша бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдерін төлеуді қайта бастау кезінде жаңа қорытынды жасалмайды.

21. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін қайта есептеу егер заңнамамен өзге көзделмесе, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін өзгертуге әкеп соққан мән-жайларды растайтын құжаттармен бірге зейнеткер жазбаша жүгінген күннен бастап жүргізіледі.

22. Зейнетақы төлемдерін қайта есептеу үшін негіз болған растайтын құжаттар зейнетақы ісінде болған жағдайда лауазымды адамның кінәсінен зейнетақы төлемдерін уақтылы қайта есептемеген жағдайда қосымша ақы зейнетақы төлемдерінің арттырылған мөлшеріне құқық белгіленген күннен бастап жүзеге асырылады.

23. Зейнетақы төлемдері мөлшерінің әрбір өзгерісі осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемін қайта есептеу кестесіне жазбамен ресімделеді, оған тиісті қаржы қызметінің маманы және басшысы қол қояды.

Зейнетақы төлемін қайта есептеу кестесі зейнетақы ісіне қоса тігіледі.

24. "Республикалық бюджет туралы" Заңда көзделген жыл сайынғы арттыруға, айлық есептік көрсеткіштің, ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері өзгерген жағдайда тиісті қаржы қызметтері Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес 1-ВС-арттыру, 1-ВС/1-арттыру нысандары бойынша зейнетақы төлемдерінің жаңа мөлшері туралы алушылардың зейнетақы істерінен үзінді көшірме дайындайды және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарламаны қоса бере отырып, Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына бір данада жолдайды.

25. Қызмет өтілінің не ақшалай қамтылым мөлшерінің өзгеруіне байланысты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері өзгерген жағдайда тиісті қаржы қызметтері Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 1-ИУ нысаны бойынша, не 3-қосымшаға сәйкес 1-ВС нысаны бойынша зейнетақы ісінен үзінді көшірме дайындайды және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша ұсынылатын құжаттар туралы хабарламаны қоса бере отырып, Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына бір данада жолдайды.

26. Зейнетақы төлемдерін заңсыз тағайындауды анықтаған кезде тиісті қаржы қызметтері зейнетақы төлемдерін тоқтату туралы қорытынды жасайды, оны тиісті органның басшысы бекітеді.

Тиісті қаржы қызметтері еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес 1-Б/ВС нысаны бойынша төлемді тоқтатуға хабарлама дайындап, Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жолдайды және шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде зейнетақы төлемдерін алушыны жазбаша хабардар етеді.

## 3-тарау. Тұрғылықты жері өзгерген кезде азаматтарға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

27. Зейнетақы төлемін алушының Қазақстанның басқа өңіріне не Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен кезде зейнетақы төлемдері алушының тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығарылған айы аралығында жүзеге асырылады.

28. Қазақстанның басқа өңіріне тұрақты тұруға кеткен кезде жаңа тұрғылықты орнының ПД, ҚАЖД қаржы қызметтеріне зейнеткерлер:

1) бұрынғы тұрғылықты орнының тиісті қаржы қызметі басшысының атына зейнетақы төлемдерін тоқтату туралы өтініш;

2) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымның банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

ПД, ҚАЖД қаржы қызметтері зейнеткердің тұрғылықты орны бойынша ПД, ҚАЖД қаржы қызметтеріне зейнеткердің бұрынғы тұрғылықты орны бойынша зейнетақы төлемдерін тоқтату туралы зейнеткердің өтінішін қоса бере отырып, зейнеткерлік ісін талап ету туралы сұрау салу жолдайды.

Зейнеткерлік ісін талап ету туралы сұрау салу алғаннан кейін зейнеткердің бұрынғы тұрғылықты орнының ҚАЖК, ПД, ҚАЖД қаржы қызметі Мемлекеттік корпорацияның филиалына Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес 1-Б/ВС нысаны бойынша хабарлама жолдайды және сұрау салуды алғаннан бастап он жұмыс күні ішінде зейнетақы ісін почта байланысы арқылы жібереді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. ПД, ҚАЖД қаржы қызметтерінің мамандары Қазақстанның басқа өңірінен келіп түскен зейнетақы ісін барлық қажетті құжаттардың болуын, жүргізілген қайта есептеулердің және төлемдерді тағайындаудың дұрыстығын тексереді және жаңа нөмір бере отырып, зейнетақы істерін есепке алу кітабында тіркеуге жатады.

ПД, ҚАЖД қаржы қызметтері зейнетақы ісі келіп түскеннен бастап он жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияның филиалына Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-ВС нысаны бойынша үзінді көшірме береді.

Зейнетақы төлемі зейнеткердің бұрынғы тұрғылықты жері бойынша бұрын төлем жүргізілген айдан кейінгі айдан бастап жүзеге асырылады.

30. Зейнеткер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде ҚАЖК, ПД, ҚАЖД қаржы қызметтері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кетушінің зейнетақы ісін мекенжай бойынша шығу парағын және зейнеткер куәлігін қоса бере отырып, басқа елдің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша не зейнеткердің төлемді тоқтату және зейнетақы ісін зейнеткер тұрып жатқан елдің уәкілетті органына жолдау туралы өтінішінің негізінде бұрынғы тұрғылықты жері бойынша ҚАЖК, ПД, ҚАЖД қаржы қызметтеріне жолдайды.

Төлемдерді тоқтату үшін ҚАЖК, ПД, ҚАЖД қаржы қызметтері Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес 1-Б/ВС нысаны бойынша Мемлекеттік корпорацияға 1-Б/ВС нысандары бойынша хабарлама жолдайды.

31. Қазақстан Республикасына тұрғылықты тұруға келген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ішкі істер органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілері қатарындағы зейнеткерлер зейнетақы төлеуді жалғастыру үшін зейнеткердің бұрынғы тұрғылықты жерінің зейнетақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органынан зейнетақы ісін талап ету туралы өтінішпен тұрғылықты жері бойынша ПД, ҚАЖД қаржы қызметіне жүгінеді.

Зейнетақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органнан зейнетақы ісін алғаннан кейін зейнеткер тұрғылықты жері бойынша ПД, ҚАЖД қаржы қызметтеріне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

2) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдардағы банк шотының нөмірі не қылмыстық-атқару жүйесі мемемесі қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер;

3) 3,5x4,5 см өлшемдегі фотосурет (2 дана).

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында зейнетақы төлемдері оның жеке басын куәландыратын құжатының Қазақстан Республикасы аумағында қолданылу мерзімі ішінде жүргізіледі.

Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжатының қолданылу мерзімі өткеннен кейін зейнетақы төлемдері тоқтатылады, ал құжаттың қолданылу мерзімі ұзартылған кезде тоқтатылған зейнетақы төлемдері тоқтатылған күннен бастап қайта жалғастырылады.

**4-тарау. Зейнетақы ісі мен зейнеткер куәлігін ресімдеу**

33. Зейнетақы ісі зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды тағайындау, арттыру (қайта есептеу) және төлеу үшін қажетті тиісті құжаттармен жинақталады. Одан әрі

зейнеткерге қатысты барлық хат алысу, оның зейнетақы ісінде сақталады және хронологиялық тәртіппен тігіледі.

34. Зейнетақы ісіне реті бойынша істің нөмірі беріледі.

Зейнетақы ісінің мұқабасының алдыңғы бетінде істің нөмірі, зейнеткердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), атағы, қызметтен босатылған күні атқарған лауазымы мен қызмет орны көрсетіледі.

Мұқабаның ішкі бетінде зейнеткердің тіркелген мекенжайы және нақты тұратын мекенжайы, байланыс телефондары, зейнеткер куәлігінің нөмірі мен берілген күні төлемдерді жүзеге асыратын Мемлекеттік корпорация филиалының атауы көрсетіледі.

35. Істе құжаттар мынадай тәртіппен қойылады:

1) осы Нұсқаулықтың 8-10-тармақтарында көрсетілген еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін негіз болған құжаттар;

2) медициналық құжаттар – қызметке жарамдылық дәрежесі туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы, медициналық әлеуметтік сараптаманың мүгедектік туралы анықтамаларынан үзінді көшірме;

3) әртүрлі хат алысу – зейнеткердің өтініші және хаттары, оларға жауаптардың көшірмелері, басқа бөліністермен, ұйымдармен хат алысу;

4) зейнетақы, төлемдерін төлеуге құжаттар – Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жіберілген үзінді көшірмелердің және хабарламалардың көшірмелері, Мемлекеттік корпорация филиалдарының жүргізілген төлемдер туралы анықтамалары.

Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген

жылдары үшін зейнетақы төлемдерін
тағайындау және жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

**Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарының есебі**

Бұрынғы ____________________________________________________________
(атағы, біліктілік сыныбы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
____________________________________________________________________
лауазымы, құқық қорғау органының атауы, бөлімі)
____________________________________________________________________
_______________________________________________________________
туған
(туған күні, айы, жылы және орны)
Бірінші әскери (арнаулы) атағы ________________________________________
________________ _____ жылғы "___"__________ № ____ бұйрығымен берілді
(мемлекеттік органның (мекеменің) атауы)
Соңғы әскери (арнаулы) атағы, біліктілік сыныбы _________________________
_________________________ жылғы "___"__________ № ____ бұйрығымен берілді.
(мемлекеттік органның (мекеменің) атауы)
Еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына (күнтізбелік және жеңілдікпен есептегенде)
___________________________________________________________________
(қызметтен босатылған қызметкердің Т.А.Ә. (болған жағдайда))
мынадай қызметтері есептеледі:

| Атқарған лауазымы, құқық қорғау органының, бөлімінің атауы | Лауазымға тағайындауға орган, бөлім бұйрығының нөмірі мен күні | Лауазымда қызмет еткен кезеңінің күні, айы, жылы | Еңбек сіңірген (жылдары, айы, күні) | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Күнтізбелік есептегенде | Коэффи- циент | Жеңілдікпен есептегенде |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Қарулы Күштердегі, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызметі: | | | | | |
| | | | | | |
| Еңбек сіңірген жылдарының жиыны: | | | | | |
| Қызметке дейінгі еңбек өтілі: | | | | | |
| | | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Еңбек өтілінің жиыны: | | | |
| Жалпы еңбек өтілі: | | | |

20__ жылғы "___"______ еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары: күнтізбелік есеппен ___ жыл___ ай___ күнді , жеңілдікпен есептегенде ___ жыл___ ай___ күнді құрады. Қызметке дейінгі еңбек өтілі күнтізбелік есеппен ___ жыл___ ай___ күн, жеңілдікпен есептегенде ___ жыл___ ай___ күнді құрайды. Күнтізбелік есеппен жалпы еңбек өтілі ___ жыл___ ай___ күнді, жеңілдікпен есептегенде ___ жыл___ ай___ күнді құрайды.

Еңбек сіңірген жылдарының есебі № __ жеке істің негізінде жасалды, ол

__________________________________________________ сақтауға берілген.

(мұрағаттың атауы)

Есепті жасаған

________________________________________________________________________

(кадр қызметі қызметкерінің лауазымы, атағы, біліктілік

________________________________________________________________________

сыныбы, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда) және қолы, күні)

Есепті тексерген:

________________________________________________________________________

(қаржы қызметі маманының лауазымы, атағы, тегі,

________________________________________________________________________

(аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және қолы, күні)

_________________________________ _________________________________

(кадр қызметі басшысының (еңбек сіңірген жылдары үшін

лауазымы, атағы, Т.А.Ә. зейнетақы тағайындайтын қаржы

(болған жағдайда) және қолы) қызметі басшысының лауазымы,

атағы, Т.А.Ә. (болған жағдайда)

және қолы)

______ жылғы "___" _________ ______ жылғы "___" __________

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарының есебімен таныстым:

________________________________________________________________________

(қызметтен босатылған қызметкердің атағы, тегі, аты, әкесінің аты

(болған жағдайда) қолы, күні)

____________________________________________________________ Заңының ( Кодексінің)

(Заңды, Кодексті қабылдау күні, нөмірі және атауы)

________________________________________________________________________

(қызметтен босатылу бабының нөмірі, тұжырымдамасының атауы)

- бабы ____ - тармағының ____ - тармақшасы бойынша ______ жылғы "____"

_______ бастап ____________________________________________________________
___
мемлекеттік органның (мекеменің) атауы ______ жылғы "___"
________ №___ бұйрығымен қызметтен босатылды.
(қызметтен босатылу күні)
Кадр аппаратының М.О.
_______________________________________
(кадр аппараты басшысының лауазымы, атағы
_______________________________________
Т.А.Ә. (болған жағдайда) және қолы)
______ жылғы "___" ___________________

Ескертпе: Жеңілдікпен есептелген еңбек сіңірген жылдары есебінің әрбір тармағында нормативтік құқықтық актінің тиісті нормасына сілтеме болады.

Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін

тағайындау және жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

Нысан

БЕКІТЕМІН

___________________________
(қорытындыны бекітетін

____________________________
адамның лауазымы, атағы,
Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы)
20__ жылғы "___"_________

**Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы ҚОРЫТЫНДЫ**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(әскери қызметшілер мен қызметкерлер және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдар үшін)

______________________________________________________________________

сәйкес (еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға негіз болып
табылатын "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі" Қазақстан
Республикасы кодексінің нормаларына сілтеме көрсетілсін*)

______________________________________________________________________

(лауазымы, құқық қорғау органының бөлінісі, бөлімі, әскери (арнаулы) атағы,

_______________________________________________ _______________________

біліктілік сыныбы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) еңбек сіңірген жылдары
үшін зейнетақы төлемдері тағайындалсын.

Туған жылы, айы, күні _____ жылғы "___" ___________. _____________________
____ жылғы "___" _______ № ____ бұйрығымен _____ жылғы "___" ______ бастап
____-бабы ___-тармағының ____тармақшасы бойынша қызметтен босатылды
(қызметтен босатылу тұжырымдамасының атауы)
20___ жылғы "____" ____________ № ____ "__________________________"

(заңнамалық актінің атауы)
Еңбек сіңірген жылдары: күнтізбелік есеппен ___ жыл ___ай ___ күн
жеңілдікпен есептегенде ___ жыл ___ай ___ күн
Еңбек өтілі: күнтізбелік есеппен ___ жыл ___ай ___ күн
жеңілдікпен есептегенде ___ жыл ___ай ___ күн
Жалпы еңбек өтілі: күнтізбелік есеппен ___ жыл ___ай ___ күн
жеңілдікпен есептегенде ___ жыл ___ай ___ күн.

Еңбек сіңірген жылдары зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін ескерілетін ақшалай
қамтылым мөлшері:
лауазымдық жалақысы _________теңге ____ тиын әскери (арнаулы) атағы, біліктілік
сыныбы бойынша жалақы (қосымша ақы), _________теңге ____ тиын;
Барлығы: _________теңге ____ тиын.
Әлеуметтік кодексінің 213-бабының және 216-бабының ___- тармағының негізінде
_____________________________________
(Т.А.Ә.) (болған жағдайда))
ақшалай қамтылымның _____% мөлшерінде сомасы _________ теңге зейнетақы
төлемі белгіленсін, ол 20__ жылғы "___"______ бастап төленуі тиіс.
Зейнетақы төлемін тағайындайтын қызметі бастығы _____________________
(қолы, Т.А.Ә.) (болған жағдайда)
Маман ______________________ (қолы, Т.А.Ә.) (болған жағдайда)
Ескертпе:

* Толтыру кезінде Әлеуметтік кодексінің нормаларына сілтеме көрсетіледі ( Әлеуметтік кодексінің 212-бабы ___-тармағының __) тармақшасы).

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушылары үшін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау негіздемесінде қосымша Әлеуметтік кодексінің 212-бабының 9-тармағы көрсетіледі.

1998 жылғы 1 қаңтардан кейін қызметке алғаш рет кірген және 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қызметтен босатылған, қызметтен босатылған күнге 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау шарттары болған әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері үшін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау негіздемесінде қызметтен босатылған күнде қолданыста болған "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңның нормаларына сілтеме қосымша көрсетіледі ("Қазақстан

Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" _______ жылғы "____" _____ ______ Қазақстан Республикасының № _____ Заңының _____-бабының ____-тармағының ____тармақшасы).

Әскери қызметшілерге және
ішкі істер органдарында,
азаматтық қорғау органдарында,
мемлекеттік фельдъегерлік
қызметте қызмет өткерген
қызметкерлерге, сондай-ақ
2012 жылғы 1 қаңтардан бастап
арнаулы атақтар, сыныптық
шендер алу және нысанды киім
киіп жүру құқықтары жойылған
адамдарға және Қазақстан
Республикасының ішкі істер
органдарындағы медициналық
лауазымдары 2022 жылғы 1
шілдеден және 2023 жылғы 1
қаңтардан бастап қысқартылған,
лауазымы қысқартылған кезде
еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз
әскери қызметте, арнаулы
мемлекеттік және құқық қорғау
органдарындағы, азаматтық
қорғау органдарындағы
қызметте, мемлекеттік
фельдъегерлік қызметте кемінде
он екі жыл және алты ай болған
адамдар қылмыстық-атқару
(пенитенциарлық) жүйесінің
тергеу изоляторлары мен
мекемелерінде орналасқан
медициналық ұйымдарда
жұмысын жалғастырған
жағдайда, осындай адамдарға
еңбек сіңірген жылдары үшін
зейнетақы төлемдерін
тағайындау және жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша

Нысан

БЕКІТЕМІН
___________________________
(қорытындыны бекітетін
___________________________
адамның лауазымы, атағы,
Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)
20__ жылғы "___"________

**Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы ҚОРЫТЫНДЫ**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(2012 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі істер органдары, азаматтық қорғау, мемлекеттік

фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің қатарындағы арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдар үшін)

___________________________________________________________________

сәйкес (еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға негіз болып

табылатын "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің нормаларына сілтеме)

___________________________________________________________________

(лауазымы, құқық қорғау органының бөлінісі, бөлімі,

___________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалсын.

Туған жылы, айы, күні ____ жылғы "__" ________. ______________ ____ жылғы "__" _______ № ___ бұйрығымен ____ жылғы "__" ______ бастап ____-бабы ___ тармағының ____тармақшасы бойынша қызметтен босатылды (қызметтен босатылу тұжырымдамасы). 20___ жылғы "__" ________ № ____ "______________________" (заңнамалық актінің атауы)

Құқық қорғау қызметінде болудың шекті жасына сай келетін жасқа жеткендігі туралы мәліметтер** ____________________________________________

___________________________________________________________________

Еңбек сіңірген жылдары: күнтізбелік есеппен ___ жыл ___ай ___ күн жеңілдікпен есептегенде ___ жыл ___ай ___ күн Еңбек өтілі: күнтізбелік есеппен ___ жыл ___ай ___ күн жеңілдікпен есептегенде ___ жыл ___ай ___ күн Жалпы еңбек өтілі: күнтізбелік есеппен ___ жыл ___ай ___ күн жеңілдікпен есептегенде ___ жыл ___ай ___ күн Еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін ескерілетін ақшалай қамтылым мөлшері: Әлеуметтік кодексінің 213-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 1597 қаулысымен бекітілген Арнаулы атақтарды және сыныптық шендерді иелену,

сондай-ақ нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға зейнеткерлікке шыққан кезде әлеуметтік қамсыздандыруды, барлық жеңілдіктер мен артықшылықтарды сақтау қағидаларының 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін ескерілетін ақшалай қамтылым мөлшері:***

______________________________________________________________________

Әлеуметтік кодексінің 213-бабының және 216-бабының ___- тармағының негізінде

_________________________________________________

(Т.А.Ә. (болған жағдайда)

ақшалай қамтылымның ___% мөлшерінде сомасы _____ теңге зейнетақы төлемдері белгіленсін, ол 20__ жылғы "___"______ бастап төленуі тиіс.

Зейнетақы төлемін тағайындайтын қызметі бастығы _____________________

(қолы, Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

Маман _____________________________ (қолы, Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

Ескертпе:

* Толтыру кезінде Әлеуметтік кодексінің нормаларына сілтеме көрсетіледі (Әлеуметтік кодексінің 212-бабы ___-тармағының __) тармақшасы).

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушылары үшін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау негізіне Әлеуметтік кодексінің 212-бабының 9-тармағы қосымша көрсетіледі.

2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған заңнама нормаларына сәйкес қызметтен босатылу күніне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін шарттар болған 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін бірінші рет қызметке келген және 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін босатылған, ішкі істер органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің қатарындағы арнаулы атақтар алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар үшін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау негізіне қызметтен босатылу күніне қолданыста болған "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңның нормаларына сілтеме қосымша көрсетіледі ("Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" ___ жылғы "___" __________ Қазақстан Республикасының №____ Заңының___ -бабы __-тармағының ___) тармақшасы).

**Қызметтен босатылған күні арнаулы атақ және сыныптық шендер алу, сондай-ақ нысанды киім киіп жүру құқығы жойылған сәтте тіркелген арнаулы атағы бойынша құқық қорғау қызметінде болудың шекті жасына сәйкес келетін жасқа жеткен адамдар үшін толтырылады ("__________" тіркелген арнаулы атағы бойынша құқық қорғау қызметінде болудың шекті жасына сәйкес келетін жасқа жетті" деп көрсетіледі).

*** Ақшалай қамтылымның тіркелген мөлшерінен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындаған жағдайда толтыру кезінде мынадай деректер көрсетіледі: "тіркелген ақшалай қамтылым":

лауазымдық жалақы ______ теңге ______тиын

арнаулы атақ бойынша қосымша ақы _____ теңге _____ тиын.

Барлығы: _____ теңге _____ тиын".

Мемлекеттік әкімшілік немесе азаматтық қызметшіге лауазымдық жалақыдан еңбек

сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындаған жағдайда толтыру кезінде

"лауазымдық жалақы ______ теңге ______тиын" деп көрсетіледі.

Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулыққа
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІІМ МВД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

№ _____________

**ЗЕЙНЕТАҚЫ ІСІ ПЕНСИОННОЕ ДЕЛО №** ____________

Тегі _________________________________________________________________
Фамилия
Аты-жөні (болған жағдайда) ____________________________________________
Имя и отчество
Атағы ____________________________________________________________

Звание

Лауазымы ________________________________________________

Должность

Қызмет орны ______________________________________________

Место службы

___________________________________________________________

___________________________________________________________

Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

## Зейнеткерлер мен зейнетақы істерін есепке алу кітабы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Зейнеткердің Т.А.Ә. (болған жағдайда) атағы, біліктілік сыныбы, | | Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемі: қандай | Ескертпе: зейнетақы ісі қайда кетті, қайдан келді, |

| № р/с | Реті бойынша зейнетақы ісінің нөмірі, тіркеу күні | лауазымы, қызметтен босатылар алдындағы қызмет орны, туған күні | Еңбек сіңірген жылдары, еңбек өтілі, жалпы еңбек өтілі | мөлшерде (% және теңге), қай күннен бастап тағайындалды | төлемді тоқтату себебі мен күні |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулыққа
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

## Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының зейнеткер куәлігі







Ескертпе:

Зейнеткер куәлігінің мұқабасы қызыл түсті былғарыдан, бумвинилден немесе белокроннан дайындалады. Куәліктің ашылған кездегі өлшемі 70 x 210 мм. Сыртында, мұқабаның алдыңғы бетінде жоғары жақта Қазақстан Республикасы елтаңбасының бейнесі бар, оның астында:

**"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ ЗЕЙНЕТКЕР КУӘЛІГІ"**

деген жазу орналасады.

Зейнеткер куәлігінің бланкісі екі бөлімнен тұрады, олар мұқабаға желімделеді. Мұқабаның оң жағында желімденген бланкте мемлекеттік тілдегі мәтін болады: жоғарғы бөлігінде куәлікті берген ішкі істер органының атауы, төменде сол жағында нысанды немесе азаматтық киімдегі фотосуреті орналасады, ол зейнетақы тағайындайтын қаржы қызметі басшысының қолымен және мөрімен расталады, фотосуреттің оң жағында толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), "запастағы" немесе "отставкадағы" сөздерін қоса әскери (арнаулы) атағы, еңбек сіңірген жылдары

үшін зейнетақы төлемдерін тағайындайтын қаржы қызметі басшысының тегі, аты, әкесінің аты және қолы, куәлікті тіркеу күні көрсетіледі.

Мұқабаның сол жағында желімденген бланкіде орыс тіліндегі мәтін болады: жоғарғы бөлігінде куәлікті берген ішкі істер органының атауы, төменде зейнеткердің толық тегі, аты, әкесінің аты, "запастағы" немесе "отставкадағы" сөздерін қоса әскери ( арнаулы) атағы, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін тағайындайтын қаржы қызметі басшысының тегі, аты, әкесінің аты және қолы, куәлікті тіркеу күні көрсетіледі.

Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару ( пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулыққа
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

## Зейнеткер куәліктерін есепке алу кітабы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Зейнеткердің Т.А.Ә. (болған жағдайда), атағы , біліктілік | Зейнеткер куәлігін беру ( | | |

| № р/с | Реті бойынша зейнеткер куәлігінің нөмірі , тіркеу күні | сыныбы, лауазымы және қызметтен босатылар алдындағы қызмет орны, туған күні | алғашқы рет немесе ауыстыру №___) | Куәлікті алу: Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы, алған күні | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулыққа
8-қосымша

Нысан

## Зейнетақы төлемдерін қайта есептеу кестесі

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.10.2025 № 785 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.__________________________________________________

зейнетақы төлемі (зейнеткердің Т.А.Ә. (болған жағдайда))

_______________________________________________

сәйкес қайта есептелді. (заңнамаға сілтеме)

| Атауы | Мәліметтер және қайта есептеуге дейінгі зейнетақы мөлшері | Қайта есептегеннен кейін зейнетақы төлемінің мөлшеріне әсер ететін жағдайлардың өзгеруі | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| Еңбек сіңірген жылдары | | | |
| Еңбек өтілі | | | |
| Жалпы еңбек өтілі | | | |
| Лауазымдық жалақы | | | |
| Атағы үшін жалақы ( қосымша ақы) | | | |
| Ақшалай қамтылым | | | |
| Зейнетақы төлемінің мөлшері % | | | |
| Зейнетақы төлемінің мөлшері теңгемен | | | |

және 20___ жылғы "___" _____ бастап __________ теңге мөлшерінде белгіленді.

Зейнетақы төлемін тағайындайтын қызметтің бастығы _____________________

(қолы, Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

Маман _____________________ (қолы, Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2024 жылғы 27 мамырдағы
№ 434 бұйрығына
2-қосымша

## Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы"

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 94 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20016 болып тіркелген).

2. "Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 94 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 30 мамырдағы № 408 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28414 болып тіркелген).

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 13 маусымдағы № 480 бұйрығына Қосымшамен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтары тізбесінің 4-тармағы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32774 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК